

Жеке қосалқы шаруашылықтарда ірі қара малдың аналық мал басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі шығындарды 100 %-ға дейін өтеуді субсидиялау бағыты бойынша субсидиялар нормативін, сондай-ақ өлшемдер мен талаптарын бекіту туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы әкімдігінің 2015 жылғы 28 шілдедегі № 314 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 27 тамызда № 5848 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 2016 жылғы 23 мамырдағы № 242 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – Қостанай облысы әкімдігінің 23.05.2016 № 242 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 19 қарашадағы № 3-1/600 бұйрығымен бекітіліген, Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған жеке қосалқы шаруашылықтарда ірі қара малдың аналық мал басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі шығындарды 100%-ға дейін өтеуді субсидиялау бағыты бойынша субсидиялар нормативі , сондай-ақ өлшемдер мен талаптар бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Н. Садуақасов

КЕЛІСІЛДІ:

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі

_____ А. Мамытбеков

Әкімдіктің
2015 жылғы 28 шілдедегі
№ 314 қаулысымен бекітілген

Жеке қосалқы шаруашылықтарда ірі қара малдың аналық мал басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі шығындарды 100%-ға дейін өтеуді субсидиялау бағыты бойынша субсидиялар нормативі, сондай-ақ өлшемдер мен талаптар

1. Жеке қосалқы шаруашылықтарда ірі қара малдың аналық мал басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі шығындарды 100%-ға дейін өтеуді субсидиялау бағыты бойынша субсидия нормативі – бір ұрықтандырылған аналық бас үшін 3487 теңге.

2. Жеке қосалқы шаруашылықтарда ірі қара малдың аналық мал басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі шығындарды 100%-ға дейін өтеуді субсидиялау бағыты бойынша өлшемдер мен талаптар:

- Қазақстан Республикасының асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы субъектілер тізілімінде техник-осеменатор, дистрибьютерлік орталық ретінде тіркеудің болуы.